

БЕКІТІЛДІ
«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы «05» маусымдағы № 06-05 (з) шешімімен

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ
Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «04» мамырдағы №05-04 (з)
шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

Әзірлеуші: Комплаенс бақылау департаменті

Алматы қ., 2023 жыл

Мазмұны:

1-бап. Терминдер мен қысқартулар	3
2-бап. Жалпы ережелер	5
3-бап. Мақсаттары мен қағидаттары	5
4-бап. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері.....	6
5-бап. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша негізгі шаралар	7
6-бап. Сыйлық алу және беру ережелері.....	8
7-бап. Қайырымдылық және демеушілік қызмет.....	9
8-бап. Клиенттермен, контрагенттермен және басқа адамдармен өзара әрекеттесу барысында сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл.....	10
9-бап. Саясатты бұзу туралы хабарлау.....	10
10-бап. Саясат талаптарының сақталуын бақылау	10
11-бап. Қорытынды ережелер	11

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – Банк) Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1-бап. Терминдер мен қысқартулар

1. Саясатта келесі негізгі ұғымдар мен шартты белгілер қолданылады:
 - 1) қайырымдылық көмек – өтеусіз негізде берілетін мүлік;
 - 2) жақын туыстары – ата-анасы (әкесі, анасы), балалары, асырап алушылары, ата-анасының бірі ортақ аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері;
 - 3) пара/заңсыз сыйақы беру – егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) аталған адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе немесе ол лауазымдық жағдайға байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуге мүмкіндігі болса, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға немесе оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға немесе лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына өзі үшін немесе басқа адамдардың пайдасына, пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, сонымен қоса жалпы алғанда қамқоршылық танытқаны немесе әрекетсіздікпен кейбір әрекеттердің жүзеге асуына жол бергені үшін жеке өзі немесе делдал арқылы ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда түріндегі пара беру;
 - 4) лауазымды тұлға – Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – ДК) мүшесі, Банк Басқармасының мүшесі;
 - 5) КБД – Комплаенс бақылау департаменті;
 - 6) ҚД – Қауіпсіздік департаменті;
 - 7) клиент – банк қызметтерін тұтынушы болып табылатын немесе банк қызметтерін пайдалануды көздейтін жеке немесе заңды тұлға;
 - 8) коммерциялық пара беру – Банкте немесе өзге ұйымда шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктері бар адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған өзінің қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ пара беруді жүзеге асыратын адамның мүдделеріне жалпы қамқоршылық жасағаны үшін мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету;
 - 9) контрагент – Банк тарапынан нысанасы банктік қызметтер көрсету болып табылмайтын шарт жасалатын жеке немесе заңды тұлға;
 - 10) мүдделер қақтығысы – Банктің лауазымды адамдарының, оның акционерлерінің және (немесе) оның жұмыскерлерінің жеке мүдделері мен олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе Банктің және (немесе) оның жұмыскерлерінің және (немесе) клиенттерінің мүліктік және өзге де мүдделері арасында қайшылық туындайтын жағдай, бұл Банк және (немесе) оның клиенттері үшін қолайсыз салдарға әкеп соғады;
 - 11) сыбайлас жемқорлық әрекеттері – Саясат шеңберінде өкілеттіктерді теріс пайдалану, пара/заңсыз сыйақы беру, пара/заңсыз сыйақы алу, парақорлыққа делдалдық ету, коммерциялық пара беру немесе ақша, құндылықтар, өзге түрдегі қаржылық пайда алу, мүліктік сипаттағы мүлікті немесе көрсетілетін қызметтерді, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге мүліктік құқықтарды, өзге пайданы / артықшылықтарды алу мақсатында жеке тұлғаның (Банк қызметкерлерін қоса алғанда) өзінің қызметтік жағдайын (лауазымдық өкілеттіктерін) Банктің заңды мүдделеріне қайшы келетін жолмен заңсыз пайдалануы немесе мұндай пайданы аталған адамға (оның ішінде Банк қызметкерлеріне) басқа жеке

- тұлғалардың заңсыз беруі деп түсініледі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері Банктің атынан немесе оның мүддесі үшін жасалған жоғарыда аталған әрекеттерді де қамтиды;
- 12) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдарының, Банктің лауазымды адамдарының (қызметкерлерінің) өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және қызметімен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі алу немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктерді иемдену немесе өзіне немесе үшінші тұлғаларға артықшылықтарға қол жеткізу мақсатында заңсыз пайдалану, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру;
 - 13) ОД/ФТ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру;
 - 14) пара/заңсыз сыйақы алу – егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, басқарушылық функцияларды орындауға уәкілеттік берілген немесе оған теңестірілген адамдардың немесе Банкте басшылық лауазымды атқаратын адамның пара берушінің пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін өзі немесе басқа адамдар үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда түріндегі параны жеке өзі немесе делдал арқылы алуы, сол сияқты жалпы қолдаушылық немесе әрекетсіздікпен кейбір әрекеттердің жүзеге асуына жол бергені үшін пайда алуы;
 - 15) пара алуғағы делдалдық – пара берушінің немесе пара алушының тапсырмасы бойынша параны/заңсыз сыйақыны тікелей беру немесе пара алушыға және/немесе пара берушіге пара/заңсыз сыйақы алу және беру туралы келісімге қол жеткізуде немесе олардың арасындағы келісімді іске асыруға жәрдемдесу;
 - 16) Сыйлықтар – клиенттің, қызметкердің (қызметкерлердің), контрагенттің немесе Банк іскерлік (азаматтық-құқықтық) қатынастарды жоспарлаған немесе орнатқан басқа тұлғаның Банктің лауазымды адамына және (немесе) өзге қызметкеріне берген (біреу арқылы берген) тауарлар, қызметтер, ақша немесе кез келген мүліктік игіліктер (соның ішінде мүліктік құқықтарды беру, міндеттерден босату, Банктің лауазымды адамының және (немесе) өзге қызметкерінің немесе оның жақын туыстарының пайдасына қандай да бір құқықтан бас тарту, жеңілдіктер, несиелер беруі, ойын-сауық, демалыс, көлік шығындарын төлеуі және т. б.);
 - 17) сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл – Банктің, оның барлық қызметкерлері мен лауазымды адамдарының өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу, соның ішінде Банкте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ анықтау, жолын кесу, ашу, тергеп-тексеру, және сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын жою жөніндегі қызметі;
 - 18) РК – Қазақстан Республикасы;
 - 19) жұмыскер – Банкпен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлға;
 - 20) банктің басшы қызметкері – Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және олардың негізінде банктік операциялар жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығына ие ДК басшысы мен мүшелері, Басқарма басшысы мен мүшелері, Банктің өзге де басшылары. Банктің бас бухгалтерін қоспағанда,

Банктің оқшауланған бөлімшелерінің бірінші басшылары және олардың бас бухгалтерлері, сондай-ақ олардың негізінде банктік операциялар жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығы бар және тек бір құрылымдық бөлімшенің қызметіне бақылауды жүзеге асыратын адамдар Банктің басшы қызметкерлері болып табылмайды;

- 21) демеушілік қызмет – ҚР заңнамасына сәйкес демеушінің атын танымал ету мақсатында қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі демеушінің қызметі;
- 22) Топ менеджмент – Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, Банктің Басқарушы директорлары, Атқарушы директорлары;
- 23) УО – Банктің уәкілетті алқалы органдары;
- 24) ОЖАТ/АҚТБ – Операциялық және АТ/АҚ (ақпараттық технологиялар/ақпараттық қауіпсіздік) тәуекелдер басқармасы.

Осы Саясаттың мәтінінде пайдаланылатын өзге терминдер мен қысқартулар Банктің жалпы банктік глоссарийінде және өзге де ішкі құжаттарында бекітілген мәнге сәйкес, ал олар болмаған кезде ҚР заңнамасында бекітілген немесе халықаралық банк тәжірибесінде қабылданған мәнге сәйкес пайдаланылады.

2-бап. Жалпы ережелер

2. Саясат Сыбайлас жемқорлық қызметін болдырмауға бағытталған негізгі қағидаттар мен талаптарды айқындайтын Банктің ішкі нормативтік құжаты болып табылады.
3. Осы Саясат Банктің Басқармасы және Директорлар кеңесі мүшелерінің, Банк атынан әрекет ете алатын қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтауына бағытталған.
4. Саясат ҚР қолданыстағы заңнамасына, Банк Жарғысына және Банктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген және Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі халықаралық тәжірибені ескереді.
5. Саясат Банктің барлық қызметкерлерінің жоғары этикалық стандарттарға және бизнесті ашық және адал жүргізу қағидаттарына бейілділігін, сондай-ақ Банктің корпоративтік мәдениетті жетілдіруге, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін ұстануға және Банктің іскерлік беделін тиісті деңгейде сақтауғаа ұмтылысын көрсетеді.
6. Банктің барлық қызметкерлері Саясатты басшылыққа алып оның қағидаттары мен талаптарын қатаң сақтауға тиіс.
7. Саясат қағидаттары Банктің контрагенттері мен өкілдеріне, Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері мен қызметкерлеріне, сондай-ақ өзге де тұлғаларға олармен жасалған шарттарда, олардың ішкі құжаттарында тиісті міндеттер бекітілген немесе ҚР қолданыстағы заңнамасынан тікелей туындайтын жағдайларда қолданылады.
8. Банк осы Саясатты Банктің ресми сайтында жария түрде орналастырады, Сыбайлас жемқорлықтан бас тарту туралы ашық мәлімдейді, барлық контрагенттердің, қызметкерлердің және өзге де тұлғалардың Саясат қағидаттары мен талаптарын сақтауын құптайды және қолдайды.

3-бап. Мақсаттары мен қағидаттары

1. Банк келесі мақсаттарды көздейді:
 - 1) атқаратын лауазымына қарамастан Банктің, УО-ның, Банк қызметкерлерінің Сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу тәуекелін барынша азайту;

- 2) Акционерлерде, УО-да, қаржы қоғамдастығында, контрагенттерде, қызметкерлерде және өзге тұлғаларда кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау туралы банк саясатының біркелкі түсінігін қалыптастыру;
 - 3) ҚР қолданыстағы заңнамасының Банкке және Банк қызметкерлеріне қатысты қолданылуы мүмкін негізгі талаптарын, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі халықаралық тәжірибенің ерекшеліктерін түсіндіру;
 - 4) Банк қызметкерлерінің осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын, Сыбайлас жемқорлық саласындағы ҚР қолданыстағы заңнамасының негізгі нормаларын, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдерді білу және сақтау міндетін белгілеу.
2. Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимылды іске асыру барысында Банк келесі қағидаттарды негізге алады:
- 1) заңдылық және этика;
 - 2) сыбайлас жемқорлық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерін кез келген нысанда және көріністе қабылдамау;
 - 3) корпоративтік басқарудың барлық деңгейлеріндегі сыбайлас жемқорлық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің көріністеріне қарсы көзқарас;
 - 4) сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне, соның ішінде Банкте мүдделер қақтығысының орын алуына жол бермеу;
 - 5) Банктің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысқа белсенді тарту.
3. Банк қызметкерлердің күнделікті қызметін жүзеге асыру кезінде, соның ішінде акционерлермен, инвесторлармен, контрагенттермен, билік, билік, өзін-өзі басқару органдарының, саяси партиялардың өкілдерімен, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдармен немесе оларға теңестірілген адамдармен өзара әрекеттесу барысында Сыбайлас жемқорлықты кез келген нысанда және көріністерде қабылдамауды білдіретін «мүлде төзбеушілік» қағидатын ұстанады.
4. Басшы қызметкерлер өздерінің мінез-құлқымен үлгі көрсете отырып және Банктің барлық қызметкерлері мен контрагенттерінің осы Саясатпен танысуын қамтамасыз ете отырып, барлық деңгейлерде Сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне төзімсіз қарым-қатынастың этикалық стандартын қалыптастыруы тиіс.

4-бап. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері

5. Банк өзінің қызметіне тұтастай және жекелеген бағыттарына тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мерзімді негізде анықтайды, қарайды және бағалайды.
6. Осы Саясатта Банктің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, ең алдымен, келесі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтармен байланысты:
 - 1) пара/заңсыз сыйақы беру;
 - 2) пара/заңсыз сыйақы алу;
 - 3) парақорлыққа делдал болу;
 - 4) коммерциялық пара беру;
 - 5) Банк қызметкерлерінің өзіне немесе үшінші тұлғалардың пайдасына қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылықтар алу мақсатында қызметтік жағдайына және/немесе лауазымдық өкілеттіктеріне байланысты мүмкіндіктерді пайдалануы;
 - 6) қаржылық немесе өзге пайда/ артықшылықтар алу мақсатында өзінің лауазымдық жағдайын Банктің заңды мүдделеріне қайшы пайдаланудың өзге әрекеттері.

7. Банк қызметкерлеріне Саясаттың 6-тармағында көрсетілген кез келген әрекеттерді тікелей немесе жанама түрде жасауға немесе жүзеге асыруға тыйым салынады.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және шаруашылық қызметке әсер ететін өзге факторлар барысында туындауы мүмкін өзгерістерге байланысты Банк Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша енгізілген рәсімдердің мониторингін жүзеге асырады, олардың сақталуын бақылайды, ал қажет болған жағдайда оларды қайта қарайды және жетілдіреді.

5-бап. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша негізгі шаралар

9. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу және оған қарсы іс қимыл Банк қызметкерлерінің қызметінде өз өкілеттіктері шегінде төмендегілер бойынша көрсетіледі:

- 1) кез келген нысандағы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне төзбеушілікті қалыптастыру;
- 2) Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл саласында корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру;
- 3) Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу;
- 4) сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін анықтауды, алдын алуды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді қамтитын сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерге қарсы күрес;
- 5) сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын барынша азайту және (немесе) жою;
- 6) сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол берген адамдарды жауапқа тарту.

10. Банкте сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау тәуекелдерін тиімді анықтау, мониторингтеу, бағалау және азайту мақсатында келесі негізгі тәсілдер қолданылады:

- 1) сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындау тәуекелдерін басқару кезінде тиісті бақылауды қамтамасыз ету;
- 2) сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің фактілері немесе Банк қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға итермелеу мақсатында оларға ұсыныс жасаудың кез келген жағдайлары туралы кез келген ақпаратты бағалау және өңдеу;
- 3) сыйлықтармен және өзге көтермелеумен жұмыс істеу қағидаларын белгілеу;
- 4) клиенттерді, контрагенттерді және Банкпен өзара іс-қимыл жасайтын өзге тұлғаларды бағалау, талдау және іріктеу рәсімдерін белгілеу;
- 5) Банкте мүдделер қақтығысы және (немесе) сыбайлас жемқорлық әрекеті туындағаны туралы хабарланған жағдайда Банк қызметкерлерін қорғау шараларын қамтамасыз ету;
- 6) Саясат талаптарын Банктің барлық қызметкерлеріне жеткізу;
- 7) Банк қызметкерлерінің Саясаттың сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі ережелерін білуін және түсінуін қамтамасыз ету мақсатында оқыту жүргізу;
- 8) сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасаған адамдарды ҚР заңнамасына және еңбек шартына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, сондай-ақ тәртіптік жауаптылыққа тарту.

11. Саясат аясында Банк қызметкерлеріне келесі әрекеттерді жасауға тыйым салынады:

- 1) коммерциялық артықшылықты күту немесе оны алу ниетімен немесе алынған коммерциялық артықшылық үшін ақшалай сыйақы, сыйлық беру, беруге уәде ету немесе ұсыну, сол мақсатта қонақжайлылық таныту;
- 2) стандартты рәсімдерді оңайлату немесе жеделдету мақсатында мемлекеттік қызметкерлерге, агенттерге немесе өкілдерге ақшалай сыйақы, сыйлық беру, беруге уәде ету немесе ұсыну, сол мақсатта қонақжайлылық таныту;

- 3) Банк қызметкерінің пікірінше, өзі үшін коммерциялық артықшылық алуды көздейтін үшінші тараптан ақшалай сыйақы алу;
 - 4) Банк қызметкерінің пікірінше, Банктен атарапынан коммерциялық артықшылық алуды күтетін үшінші тараптан сыйлық немесе қонақжайлылық белгілерін алу;
 - 5) пара алудан бас тартқан немесе бұл туралы Саясатқа сәйкес хабрлап, мәселе көтергенн Банктің басқа қызметкеріне қатысты қорқыту немесе жауап шараларын қолдану;
 - 6) Саясатты бұзуға әкеп соғуы мүмкін кез келген қызметке қатысу.
12. Банктің барлық қызметкерлері төмендегіні орындауға міндетті:
- 1) ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, Саясатының талаптарын, сондай-ақ кәсіби этика қағидаттарын және бизнесті іскерлік жүргізудің этикалық нормаларын мүлтіксіз сақтау;
 - 2) Саясаттың талаптарын орындау;
 - 3) өзінің лауазымдық міндеттерін орындау немесе әлемнің кез келген елдерінде Банктің атынан іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық құқық нормаларын, сондай-ақ Саясат талаптарын сақтау;
 - 4) сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасаудан және (немесе) шешімдер қабылдаудан бас тарту;
 - 5) өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылған немесе тартылуы мүмкін клиенттермен, контрагенттермен және басқа адамдармен өзара әрекеттесу кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындау тәуекелін барынша азайтуға ықпал ету;
 - 6) Саясаттың 6-тарауында белгіленген тәртіппен Саясатты бұзудың әрбір ықтимал және (немесе) анықталған жағдайы туралы хабарлау;
 - 7) қандай да бір әрекеттерді жүзеге асыруға қаншалықты жол берілетіндігі жөнінде күмән туындағанда немесе Саясаттың ережелеріне қатысты өзге мәселелер бойынша түсініктеме алу үшін тікелей басшыға немесе КБД-ға жүгінуге құқылы.

6-бап. Сыйлық алу және беру ережелері

13. Банк және оның қызметкерлері ҚР Қылмыстық кодексімен, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексімен және өзге ҚР нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтауға тиіс. Аталған нормалардың негізгі талаптары пара беруге, коммерциялық пара беруге, паракорлыққа делдал болуға және заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруге немесе қызметтер көрсетуге тыйым салу болып табылады.
14. Банк сыбайлас жемқорлыққа /алаяқтыққа/ ұрлыққа және КЖ/ТҚ-ға жол берілмейтіндігіне қатысты қатаң ұстанымға ие. Серіктестермен, жеткізушілермен және т. б. қатынастарда кәдесый ретіндегі брендтелген өнімдерді қоспағанда, қымбат сыйлықтар мен өзге пайданы алуға және беруге жол берілмейді.
15. Банктің лауазымды адамына және (немесе) өзге қызметкеріне келесі әрекеттер тыйым салынады:
- 1) Төмендегіні көздейтін адамдардан немесе ұйымдардан сыйлықтар алу:
 - а) Банк тарапынан ресми әрекетке қол жеткізуді көздейтін;
 - б) Банк қызметкерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауына немесе орындамауына айтарлықтай әсер ететін мүдделері бар;
 - в) Банк қызметкеріне атқаратын лауазымына байланысты сыйлық беруді;

- 2) ресми іс-әрекетті орындаудағы ықпалға айырбастау үшін сыйлықтар қабылдауды;
- 3) сыйлықтар ұсынуды сұрау немесе мәжбүрлеу;
- 4) мақсаттарына Банктің мүдделері әсер етуі мүмкін адамдар немесе ұйымдар ұсынатын сыйлықтарды қабылдау;
- 5) Банктің өзінен жоғары тұрған басшы қызметкеріне сыйлық беру немесе сұрау.

16. Банктің билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын немесе мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, ҚР өзге мемлекеттік құрылымдарында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдарға ақшалай сыйлықтар беруіне немесе басқа игіліктер мен пайда беруіне жол берілмейді.

17. Сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге ресми іс-шараларды өткізу кезінде құрмет көрсетудің символдық белгілеріне, кәдесыйлар сыйлауға рұқсат беріледі.

18. Лауазымды адамдар және (немесе) Банк атынан әрекет ететін өзге қызметкерлер басқа адамдар мен ұйымдарға бере алатын немесе лауазымды адамдар және (немесе) банктегі жұмысына байланысты өзге қызметкерлер басқа адамдар мен ұйымдардан ала алатын сыйлықтар бір мезгілде келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) сыбайлас жемқорлық қылмыс, коммерциялық пара беру, заңсыз материалдық пайда беру болып табылмауы тиіс;
- 2) қызмет, әрекет, әрекетсіздік, немқұрайды қарау, қамқоршылық, құқықтар беру, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат және т. б. туралы белгілі бір шешім қабылдау немесе алушыға өзге заңсыз немесе этикаға қайшы келетін мақсатпен ықпал ету әрекеті үшін жасырын сыйақы болмауы тиіс;
- 3) ақылға қонымды, пропорционалды бола отырып, қымбат заттар болмауы тиіс;
- 4) Банк, қызметкерлер және өзге адамдар үшін бедел тәуекеліне себеп болмауы тиіс;
- 5) Саясаттың қағидаттары мен талаптарына қайшы келмеуі тиіс;
- 6) Банк қызметінің заңды мақсаттарымен немесе жалпыұлттық мерекелермен, атаулы күндермен, мерейтойлармен тікелей байланысты болуы тиіс.

19. Банк қызметкерлеріне дәстүрлі түрде сыйлықтар табыстауды немесе сыйлықтар алмасуды көздейтін ерекше жағдайларда клиенттер/серіктестер/контрагенттер тарапынан сыйлықтар қабылдауға рұқсат етіледі:

- 1) мерекелер мен өзге мерейтойлық күндерге – Жаңа жылға, Қаржыгерлер күніне, Банктің мерейтойына, халықаралық әйелдер күніне, Отан қорғаушылар күніне байланысты құттықтаулар.
- 2) жеке сипаттағы оқиғаларға – туған күніне, басқа лауазымға ауысуына, зейнетке шығуына байланысты құттықтаулар.

20. Бұл ретте осы Саясатта баяндалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында әрбір жеке жағдайда қолма-қол/қолма-қол ақшасыз ақшалай қаражатты қоспағанда, қызметкерлер клиенттер/серіктестер/контрагенттер тарапынан құны төменде көрсетілген сыйлықтар қабылдауға құқылы:

- 1) Топ менеджментке сыйлықтың құны сыйлықты алған күні қолданыста болған 80 АЕК-тен (айлық есептік көрсеткіштен) аспайды;
- 2) Банктің өзге қызметкерлеріне сыйлықтың құны сыйлықты алған күні қолданыста болған 30 АЕК-тен аспайды.

21. Егер сыйлықтың құны осы Саясаттың 20-тармағында көрсетілген сомадан артық бағаланған жағдайда, қызметкердің осындай сыйлықты алуы Лауазымды адаммен

мақұлдануы тиіс немесе қызметкер осындай сыйлықтан дереу бас тартуға және оны осы Саясаттың ережелеріне сәйкес сыйлықты қабылдаудан бас тарту себебін сыпайы түсіндіре отырып, сыйлық берген адамға қайтаруға міндетті.

22. Сыйлықтың құнын сыйлық алушы өз бетінше бағалайды, бұл ретте сыйлық алушы оның құнын объективті бағалауға жауапты болады.

23. Банктің ойын-сауық шараларына, соның ішінде іскерлік қабылдаулар мен тағамдарға тапсырыс беруге арналған өкілдік шығыстары Банктің атынан және есебінен жүргізілуі немесе жеке тұлғалар мен ұйымдардан, соның ішінде Банкпен іскерлік қатынастары бар немесе оларды құруға ұмтылатын ұйымдардан төменде көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда ғана қабылдануы мүмкін:

- 1) өкілдік шығыстардың мақсаты белгілі бір қызмет үшін жасырын сыйақы болып табылмауы тиіс;
- 2) өкілдік шығыстар қамқоршылықпен байланысты емес және қаржылық құжаттардың, оның ішінде Банк есептілігінің барлық түрлерінің бұрмалануына немесе үшінші тұлғаларға мәміле, келісім, лицензия, рұқсат туралы белгілі бір шешім немесе өзге осыған ұқсас шешімдер қабылдауға құқық беруге немесе алушыға өзге заңсыз мақсатпен ықпал ету мүмкіндігіне әкеп соқпайды.

24. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлық/алаяқтық/жымқыру және КЖ/ТҚ және өзге Саясатты бұзу жағдайлары туралы басшылыққа, ҚД, КБД және ОЖАТ/АҚТБ қызметкерлеріне хабарлауға міндетті.

25. Банктің КЖ/ТҚ алдын алу бойынша қызметінің негізгі қағидаттары КЖ/ТҚ қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларын реттейтін ішкі құжатта белгіленген.

7-бап. Қайырымдылық және демеушілік қызмет

26. Банк әлеуметтік-жауапты бизнес ретінде Банктің имиджін құруға бағытталған бірыңғай қайырымдылық саясатын жүзеге асырады.

27. Банк қайырымдылық және демеушілік жобаларды Банктің нақты жобаларында коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында қаржыландырмайды.

28. Қайырымдылық және демеушілік көмек ҚР қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес толық ашықтық және жария жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

29. Банк саяси және діни ұйымдардың қызметіне қатыспайды және олардың қызметін қаржыландырмайды. Банк аумағында қандай да бір саяси партияның немесе кандидаттардың пайдасына үгіт-насихат жүргізуге, сондай-ақ қызметкерлердің діни және саяси көзқарастары мен нанымдарын таратуына жол берілмейді.

30. Банк қызметкерлеріне сыйлықтар беруге, саяси мақсатта жарналар жасауға немесе саяси партияларды немесе Банк атынан саяси лауазымдарға кандидаттарды қолдау үшін ойын-сауық шараларын ұйымдастыруға тыйым салынады.

8-бап. Клиенттермен, контрагенттермен және басқа адамдармен өзара әрекеттесу барысында сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл

31. Саясаттың талаптары Банк жеке және заңды тұлғалармен шарттық және өзге іскерлік қатынастар орнатқан кезде сақталады. Банк клиенттерден, контрагенттерден және басқа тұлғалардан, сондай-ақ олардың өкілдері мен қызметкерлерінен Банктің олармен жасалған шарттарында бекітілуі мүмкін сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі тиісті міндеттердің сақталуын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасынан, тіркелген

және (немесе) аталған адамдар қызметін жүзеге асыратын елдің ұлттық заңнамасынан және халықаралық құқық нормаларынан тікелей туындайтын міндеттерді сақтауды күтеді.

32. Банк сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылған немесе тартылуы мүмкін клиенттермен, контрагенттермен және басқа адамдармен іскерлік қатынастар орнату кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ҚР қолданыстағы заңнамасын бұзу тәуекелін азайту мақсатында қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қолданады. Осыған байланысты Банк:

- 1) Банкте белгіленген тәртіпке сәйкес әлеуетті клиенттердің, контрагенттердің және басқа адамдардың, олардың акционерлерінің (қатысушыларының) және бенефициарлық меншік иелерінің іскерлік беделін, соның ішінде жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде жағымсыз ақпараттың болуы тұрғысынан талдауды жүзеге асырады;
- 2) Банктің Саясатта белгіленген сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттары мен талаптары туралы, соның ішінде Банк аталған адамдармен жасасатын келісімдерге (шарттарға) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті ескертпелерді енгізу арқылы әлеуетті клиенттерді, контрагенттерді немесе басқа тұлғаларды хабардар етеді;
- 3) олардың сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар мен талаптарды сақтауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу үшін өзара жәрдем көрсетуге дайындығын назарға алады;
- 4) осы Саясатта белгіленген ережелерді бұзу фактісі расталған жағдайда клиенттермен немесе контрагенттермен іскерлік қатынастарды бұзады.

9-бап. Саясатты бұзу туралы хабарлау

33. Банк қызметкері Саясат талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында өзінің тікелей басшысына және КБД-ға қандай да бір адамдар оны сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға итермелеу үшін оған жүгінген кез келген жағдайлар туралы хабарлайды.

34. Банк қызметкерінде басқа қызметкерлердің, клиенттердің, контрагенттердің немесе Банкпен өзара әрекеттесетін жасайтын өзге адамдардың ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттері немесе әрекетсіздігі туралы ақпарат пайда болған немесе пайымдауға негіздер туындаған жағдайда, бұл қызметкер compliance@bankffin.kz электрондық мекенжайға хабарлама жіберу арқылы немесе trustbankffin@gmail.com анонимді арна арқылы КБД-не дереу хабарлайды. Қызметкер жазбаша хабарламада фактілерге сілтеме жасауы немесе осы Саясатта белгіленген талаптардың бұзылғаны немесе осындай бұзушылықтың орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе осыны болжауға негіз беретін материалдарды ұсынуы керек.

35. Сондай-ақ байланыс арналары арқылы Банктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерін жақсарту бойынша ұсыныстар түсуі мүмкін.

36. Банк бұзушылықтар фактісі туралы хабарлаған Банктің нақты қызметкерлері үшін жағымсыз салдардың болмауына және оларға қатысты құпиялылық қағидатының сақталуына, сондай-ақ хабарланған мәліметтерге қатысты қысқа мерзімде тексеру жүргізілетініне және ақпарат берген қызметкер, егер ол хабарлаған сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің болжамды фактісі, сонымен қатар өтініште көрсетілген фактілер тексеру барысында расталмаса санкцияларға ұшырамайтынына (жұмыстан босатылмайтынына, лауазымы төмендетілмейтініне, сыйлықақыдан айырылмайтынына және т. б.) кепілдік береді. Алайда, көрінеу жалған ақпарат берген өтініш берушіге қатысты ҚР заңнамасында көзделген жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін.

37. Қызметкерлер анонимді арна арқылы ұсынатын мәліметтер құпия ақпаратқа жатады.

38. Анонимді арна Банк қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің болжамды немесе орын алған фактілері туралы хабарламалар жіберуге мүмкіндік береді. Анонимді хабарлама жіберілген жағдайда ақпарат қызметтік тергеп-тексеруді тиісті түрде жүргізуге жеткілікті көлемде беріледі.

39. Бұзушылықтар үшін негізгі қағидаттар, талаптар мен санкциялар жөнінде мәлімдеп және аталған талаптарды қызметкердің лауазымдық міндеттеріне қоса отырып, Банк өз қызметкерлерінен осы Саясатты сақтауды талап етеді.

40. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің сенімді деңгейін қалыптастыру мақсатында Банк өз қызметкерлеріне Саясат ережелері бойынша оқыту жүргізеді.

10-бап. Саясат талаптарының сақталуын бақылау

41. Банк Басқармасы Банк қызметінің ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

42. Банк Басқармасы Банк қызметкерлерінің Саясат талаптарын орындауна жалпы бақылауды жүзеге асырады.

43. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

- 1) өзі басқаратын бөлімше қызметкерлерінің Саясат қағидаттары мен талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді және дербес бақылайды;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісі бола отырып, басқаратын бөлімшенің қызметкерлерін Саясат талаптарын сақтауға бағыттайды.

44. Банктің бөлімшелері мен филиалдарының басшылары сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу және оған қарсы іс қимыл бойынша бақылауды тұрақты негізде жүзеге асыруға міндетті.

45. Саясатты орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен басшыларына жүктеледі.

46. Саясаттың орындалуына жауапкершілік филиалдарының директорларына және Бас Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

47. КБД өзіне берілген өкілеттіктер мен құзыреттерге сәйкес сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл саласында қызметтік тексерулер мен тергеулер жүргізуге бастамашылық жасауға, сондай-ақ осындай тексеруге қатысуға құқылы.

11-бап. Қорытынды ережелер

48. Банктің барлық қызметкерлері осы Саясаттың ережелерін қатаң сақтауға тиіс және оларды бұзғаны үшін ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жауапкершілік алады.

49. Банк осы Саясатты Банктің ресми сайтында ашық, қолжетімді түрде орналастырады, сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға төзбеушілік туралы ашық мәлімдейді, барлық контрагенттердің, акционерлердің, лауазымды тұлғалардың, Банк қызметкерлерінің және өзге тұлғалардың осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауын кұптайды, сондай-ақ ақпарат жариялау және оқыту жүргізу арқылы қоғамда және Банк қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

50. Осы Саясатта көрсетілмеген барлық мәселелер бойынша Банк Қазақстан Республикасының заңнамасын және Банктің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

